



Инфляциялық күтулер

Тамыз 2023


- Инфляциялық күтулер төмендеуді жалғастыруда, бірақ жоғары болып қала береді
- Алдағы жылдағы елдің даму перспективалары бойынша бағалауының төмендеу есебінен тұтынушылық көңіл күй нашарлады

Инфляциялық күтулер

2023 жылғы тамызда күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 16,4% (2023 жылғы шілдеде – 16,9%) дейін, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы 18,4% (18,6%) дейін төмендеді (1-график).

Бағалардың жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы тамызда 26% дейін жоғарлады (2023 жылғы шілдеде – 20%).

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерін жүргізу нәтижелері, FusionLab

2023 жылғы тамызда азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің тарихи төмен үлесі сақталды (66% - 2016 жылдан бастап ең төмен көрсеткіш). Бұл ретте ақылы қызметтер бағасының өсуін атап өткендердің үлесі біршама өсті (11%).


Тамақ өнімдерінің ішінде респонденттер сүт, ет өнімдерін, нан-тоқаш өнімдерін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттер ТКШ, интернет, тұрмыстық химия, ЖЖМ қызметтерінің қымбаттағанын байқады (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

Азық-түлік тауарлары



Азық-түлік емес тауарлар және қызметтер




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Тұтынушылардың көңіл-күйі


Тұтынушылардың көңіл-күй индексі 2023 жылғы тамызда 101,0-ге дейін төмендеді (2023 жылғы шілдеде – 106,1).

Атап айтқанда, еліміздің алдағы жылдағы даму перспективалары бойынша бағалау (17,7 пунктке) айтарлықтай төмендеп, сауалнаманың барлық жылдарында ең төменгі деңгейге жетті және 5 жылдан кейін (6,3 пунктке), сондай-ақ бір жылдан кейін жеке материалдық жағдайды бағалау (1,6 пунктке). Ағымдағы жағдайды бағалауда соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың бағасы төмендеді (2,0 пунктке), бірақ ірі сатып алуларға дайындық өсті (1,9 пунктке).


3-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



4-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



5-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді